

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 шілдедегі № 747 қаулысы

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы және «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі «МЖЗҚ» жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «МЖЗҚ» АҚ) акцияларының мемлекеттік пакетін заңнамада белгіленген тәртіппен қ а б ы л д а с ы н .

2. «МЖЗҚ» АҚ «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «БЖЗҚ» АҚ) болып қайта аталсын.

3. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 05.03.2014 № 193 қаулысымен.**

4. Комитет заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын қажетті ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а с ы н .

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.03.2014 № 193 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріс пен т о л ы қ т ы р у е н г і з і л с і н :

1) «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің т і з б е с і н д е :

«Алматы қаласы» деген бөлімде реттік нөмірі 102-жол мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«102. АЛА-005033 «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ»;

2) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.**

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С. Ахметов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2013

жылғы

31

шілдедегі

№ 747 қаулысымен

мақұлданған

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы «Қазақстан Халық Банкінің Жинақтаушы зейнетақы қоры», «ГРАНТУМ жинақтаушы зейнетақы қоры» (Қазкоммерцбанк) АҚ еншілес ұйымы) және «Ұлар Үміт» жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамдарының акцияларын мемлекеттік меншікке қабылдау және оларды «БЖЗҚ» АҚ-ға беру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. Іс-шаралар жоспары алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 05.03.2014 № 193 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК